## ТАРИХ

1. Герман императорлары мен рим папалары арасындағы қоғамдық бедел үшін күрес қандай құқыққа ие болу бақталастығынан туындаған?
A) Салық жинау B) Князьдарды тағайындау
C) Діни қызметкерлерді тағайындау

2. Император IY Карлдың «Алтын булласы» кімдердің императорды сайлау тәртібін реттеді?
A) Курфюрсттардың B) Мұрагерлік бойынша
C) Империяның барлық князьдарының

3. 1555 жылы католиктер мен протестанттар арасындағы өзара қатынас жүйесін анықтайтын келісімге қол қойылған қала.
A) Нюрнберг B) Мюнстер C) Аугсбург

4. 1867 жылы тәж кигізу жоралғысында I Франц Иосифке әулие Иштванның тәжін кигізу нені білдірді?
A) Венгрия мен Пруссияның бірігуін
B) Австрия империясының Австрия-Венгрия империясына айналуын
C) Венгрияның абсолютік тәуелсіздігін

5. Неміс әскерлерінің шабуыл жасаудағы стратегиялық жоспарының күл талқанын шығарған 1914 жылғы Марндағы шайқаста герман әскерінің жеңілуіне не себеп болды?
A) Одақтас әскерлерді түрмеден басқа жерге ауыстыру
B) Австрия-Венгрияның серб майданындағы сәтсіз шабуылдары
C) Шығыс Пруссиядағы орыс әскерлерінің шабуыл жасауы

6. 1648 жылғы Вестфаль бейбіт келісімі Германия үшін қандай дәуірдің аяқталғандығын білдірді?
A) Діни соғыстар B) Сыртқы басып кіру C) Шаруалар көтерілісі

7. Австрияның канцлері К.фон Меттернихті неліктен «Европаның ат айдаушысы» деп атаған?
A) Европа саясатына зор ықпал етуші болған
B) Жылқы өсірумен айналысқан
C) Көлік министрлігінің негізін қалаған

8. Германиядағы тұңғыш телеграф желісі Берлин – Франкфурт-на-Майне құрылысын жүргізген компанияның негізін салушылардың бірі болған неміс өнертапқышы кім?
A) К.Ф.Браун B) Р.Бош C) В.Сименс

9. Реформацияның басталғандығының белгісі болған оқиғада М.Лютер Виттенбергтегі шіркеудің есігіне өзінің қандай шығармасын қағып қойды?
A) «Ерік-жігердің құлдықта болуы туралы»
B) «Христианның бостандығы туралы»
C) «Тоқсан бес тезис»

10. XY-XYI ғасырлардағы Германиядағы жер иеленушілердің зорлық-зомбылығы мен салықтың көптігіне қарсы шыққан шаруалар қозғалысының эмблемасы болған не?
A) Айыр B) Башмақ C) Алау

11. 1895 жылы сәулелену туралы материалдарын жариялаған неміс физигі кім? Кейіннен ол сол адамның атымен аталатын болды.
A) Г.Герц B) А.Эйнштейн C) В.К.Рентген

12. Санкт-Петербург ғылым академиясының құрметті мүшесі болған неміс филологы, философы және мемлекеттік қайраткері кім?
A) И.Кант B) И.В.Гёте C) В.Гумбольт

13. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс және британ флоты арасында болған Солтүстік теңіздегі шайқас.
A) Коронельск шайқасы B) «Альбион» операциясы C) Ютланд шайқасы

14. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс әскері басып алған мемлекет.
A) Лихтенштейн B) Люксембург C) Швейцария

15. «Германдықтардың шығу тегі мен орналасқан жері» кітабын кім жазды?
A) Вергилий B) Гай Юлий Цезарь C) Публий Корнелий Тацит

## ӘДЕБИЕТ

16. Өткір айтылған әлеуметтік сындары үшін кейбір шығармаларына бундестаг тыйым салған жазушы кім?
A) Г.Гейне B) Э.Т.А.Гофман C) Ф.Шиллер

17. Төмендегі әдеби кейіпкерлердің қайсысы өзінің өмірбаянын жазған.
A) Етік киген мысық B) Мысық Мурр C) Мысық Шпигель

18. Өзінің отбасы туралы жазған тұңғыш романы үшін Нобель сыйлығын алған жазушы кім?
A) Г.Белль B) Г.Гауптман C) Т.Манн

19. Француз республикасының азаматы атағы мен Ж.Дантонның қолы қойылған диплом алған неміс ақыны.
A) И.В.Гёте B) Г.Гейне C) Ф.Шиллер

20. Гётенің Фаустына Мефистофель бірінші рет ненің кейпінде келді?
A) Бұйра жүндес ит B) Қара мысық C) Қарға

21. И.В.Гётенің қандай шығармасына Л.ван Бетховен музыка жазды?
A) «Фауст» B) «Эгмонт» C) «Тавридадағы Ифигения»

22. Неміс драматургы Ф.Шиллер, австрия жазушысы С.Цвейг өз шығармаларын арнаған королева кім?
A) Мария Терезия B) Мария Антуанетта C) Мария Стюарт

23. Шетелдік авторлардың прозалық шығармаларын пьесаларға айналдырған неміс тілді жазушы кім?
A) Б.Брехт B) Г.Гауптман C) Т.Манн

24. Шындық жайттар ойдан шығарылған оқиғалармен араласып кеткен, Италия туралы очерк қалдырған неміс жазушысы кім?
A) В.Гауф B) Г.Гейне C) Э.Т.А.Гофман

25. Тұңғыш ұлттық романтикалық опера жазған және басқа автордың опера туындысының кейіпкеріне айналған неміс әдебиетшісі кім?
A) Г.Гейне B) Э.Т.А.Гофман C) Л.Тик

26. И.В.Гёте «Фауст» трагедиясында қандай қаланы «кішкентай Париж» деп атаған?
A) Дрезден B) Лейпциг C) Хемниц

27. Үш қолжазбасы ЮНЕСКО-ның тізіміне енген немістің эпикалық поэмасы.
A) «Аннолид» B) «Нибелунгтар туралы жыр»
C) «Хильдебранда туралы жыр»

28. Р.Вагнердің барлық операларына жазылған либреттолардың авторы.
A) Р.Вагнер B) П.Метастазио C) К.И.Фридрих

29. Тентек балалар Макс пен Морица туралы балаларға арналған өлеңдер мен суреттер топтамасын шығарған кім?
A) Г.Гейне B) В.Буш C) Э.Т.А.Гофман

30. Бұл автордың шығармасындағы кейіпкерлер қонақ үйде ұйықтап қалып, қарақшылардың олжасына айналмас үшін бір-біріне әңгіме айтып отырған. Осы шығарманың авторы кім?
A) Э.Т.А.Гофман B) Г.Гейне C) В.Гауф

## КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

31. «Конструкторлар патшасы» атанған неміс инженері, кәсіпкер кім?
A) Г.Даймлер B) К.Бенц C) В.Майбах

32. «Германиядағы орыстардың бірінші отаны» атанған немістің шипажай қаласы.
A) Швальбах B) Висбаден C) Баден-Баден

33. Үш мемлекет – Германия, Австрия және Швейцарияның шекарасында орналасқан көл.
A) Штарнбергзее B) Цюрихтык C) Боденскілік

34. Швейцариядағы федеративтік бірлік қалай аталады?
A) Штат B) Кантон C) Графтық

35. Европаның ең кіші мемлекеттерінің бірі Лихтенштейннің қаржылық жағдайының басты тірегі.
A) Кием үлгілерін жасау B) Автомобиль өндірісі
C) Пошта маркаларын шығару

36. Германияның ресми әнұранының негізі болған XYIII ғасырдың соңында жазылған әуенді кім жазды?
A) Л.ван Бетховен B) Й.Гайдн C) В.А.Моцарт

37. Қай композитордың шығармалары дәстүрлі түрде Байрет музыка фестивалінің бағдарламасына еніп отырады?
A) И.Брамс B) Ф.Лист C) Р.Вагнер

38. Вена қауіпті ауру індетінен құтылғаннан кейін император I Леопольд қандай ескерткішті орнатуға бұйрық берді?
A) «Шешек кресті» B) «Жұқпалы ауру колоннасы» C) «Безгек бағаны»

39. «Азат етуші-Сарбаз» монументі Берлиндегі қай саябақта орнатылған?
A) Трептов-парк B) Тиргартен C) Фолькспарк

40. 1972 жылы XX Олимпиадалық ойындар өткен немістің қаласы.
A) Берлин B) Мюнхен
C) Франкфурт-на-Майне

41. «Қазіргі заманғы кітап басып шығару» деп аталатын ескерткіш қай қалада орналасқан?
A) Берлин
B) Вена
C) Цюрих

41



42. Й.Гайднге, В.А.Моцартқа және Л.ван Бетховенге арналған ескерткіш қай қалада орнатылған?
A) Вена
B) Берлин
C) Бонн

42



43. Фарфор мұражайы мен Күймелер мұражайы орналасқан парк.
A) Бельведер
B) Сан-Суси
C) Нимфенбург

43



44. Вена қаласындағы ескерткіштің көшірмесі болып табылатын және қаланың 300-жылдық құрметіне Санкт-Петербург қаласының маңына орнатылған ескерткіш қандай композиторға арналған?
A) Й.Гайдн
B) И.Штраус-ұлы
C) В.А.Моцарт

44



45.Басында Литценбург деп аталып, кейінірек негізін салған адамның құрметіне аты өзгертілген сарай қалай аталады?
A) Шарлоттенбург
B) Шёнбрунн
C) Шёнхаузен

45



7-8 СЫНЫПТАР

## КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ

46. Мына берілген суреттің авторы, «Көк салт атты» неміс суретшілер бірлестігінің негізін салушылардың бірі, орыс суретшісі кім?
A) К.Малевич
B) В.Кандинский
C) А.Явленский

46


47. Мына берілген суреттің авторы король II Фридрихтің дәуіріндегі көріністерді бейнелеумен танымал. Бұл суретші кім?
A) В.Лейбль
B) Ф.Ленбах
C) А.Менцель

47


48. Мына берілген суреттің авторы О.фон Бисмарктің 80-ге жуық портретін салған суретші. Ол кім?
A) Ф.Ленбах
B) В.Лейбль
C) А.Менцель

48


49. Мына берілген портреттің авторы ағылшын королінің сарайында жұмыс істеген. Ол қай суретші?
A) А.Дюрер
B) Кіші Г.Гольбейн
C) Үлкен Г.Гольбейн

49


50. Орыс императоры I Николайдың тапсырысы бойынша Санкт-Петербургтағы Жаңа Эрмитаж ғимаратының жобасын жасаған неміс сәулетшісі.
A) П.Беренс
B) К.Ф.Шинкель
C) Л.фон Кленце

50


51. Бавария герцогының тапсырысын орындап, антикалық тарихтағы маңызды оқиға – Александр Македонский мен III Дарий әскерлерінің шайқасына арналған суретті салған кім?
A) А.Дюрер
B) А.Альтдорфер
C) М.Грюневальд

51


52. Мына суретте бейнеленген саябақ ансамблі рококо дәуірінің бірегей ескерткіші болып табылады және оны «пруссия Версалі» деп атаған. Бұл жер қалай аталады?
A) Цвингер
B) Нимфенбург
C) Сан-Суси

52


53. Мына беріліп отырған сәулет құрылысының авторы өз еңбек жолын Германияда сарай ергежейлісі ретінде бастаған. Бұл кім?
A) А.Шлютер
B) К.Д.Азам
C) Ф.Кювилье

53


54


54. Мына жерде беріліп отырған И.Ф.Овербектің суретінде қандай екі елдің мәдени байланысы аллегориялық түрғыда бейнеленген?
A) Франция мен Австрия
B) Италия мен Германия
C) Венгрия мен Чехия

55


55. Мына берілген суреттің авторы «Қалаларды, қамалдарды және қапшағайларды нығайтуды басқару» және тағы да басқа трактаттарымен де танымал. Бұл қандай суретші?
A) А.Дюрер
B) Кіші Л.Кранах
C) Үлкен Г.Гольбейн

56


56. Мына суреттің авторын орыс суретшісі И.Крамской қатты құрметтеген және ол туралы «оның өнер туындылары – ғылымдағы ұлы жаңалық сияқты» деген. Қай суретші туралы айтылып отыр?
A) А.Дюрер
B) Кіші Г.Гольбейн
C) М.Грюневальд

57


57. Мына суреттің авторы «Көк салт атты» суретшілер бірлестігімен қарым-қатынас жасаған. Кім жайында айтылып отыр?
A) В.Кандинский
B) М.Шагал
C) А.Явленский

58


58. Мына суреттің авторын замандастары Рафаэль Сантидің өзіне бәсекелес бола алады деп есептеген. Сөз болып отырған суретші кім?
A) Р.Менгс
B) В.фон Каульбах
C) А.Кауфман

59. Тікелей заттың өзіне қарап отырып, импрессионизм стилінде салған пейзаждарымен танымал неміс суретшісі.
A) Үлкен Л.Кранах
B) М.Либерман
C) К.Д.Фридрих

59


60. Мына берілген суреттің авторы өзінің діни туындыларында адам мүсіні мен табиғат арасындағы бірегей үйлесімге қол жеткізе білді. Бұл суретші кім?
A) Кіші Г.Гольбейн
B) Үлкен Л.Кранах
C) М.Грюневальд

60


РЕСЕЙ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫС БӨЛІМШЕСІ
НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША ОЙЫН САЙЫСЫ

# ЗОЛОТОЕ РУНО

7-8 СЫНЫПТАР



# PAX GERMANICA: «НЕМІС БОЛМЫСЫНЫҢ БІРЛІГІ»

## 15-18 АҚПАН 2013

2013 жылғы «Алтын жабағы» ойын сайысы неміс тілді халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналады. Сайыс тапсырмалары тақырыптық бөліктерге бөлінген 60 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады.

Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Сайыс туралы ақпарат www.runodog.ru. сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2013 жылдың наурыз айында жарияланады.

**Сәттілік тілейміз!**